

**Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 маусымдағы "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атауларын бекіту" туралы № 244 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 мамырдағы 192 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 23 мамырда № 4217 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атауларын бекіту туралы" 2015 жылғы 10 маусымдағы № 244 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3292 тіркелген, 2015 жылдың 14 қыркүйегінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Байжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Баталов*